

«БЕКІТЕМІН»

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының қалалық көп бейінді ауыруханасы және консультативтік диагностикалық орталығы» ШЖҚ МКК бас дәрігері

Х. С. Мурзакасымов

«30» мамыр 2025 ж.



ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының қалалық көп бейінді ауыруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық қауіптеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

Тараз қ.

30.05.2025 ж.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының қалалық көп бейінді ауыруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (*әрі қарай - Аурухана*) бас дәрігерінің 06.05.2025 жылғы № 160/1-ө бұйрығын орындау мақсатында, 2025 жылдың 12-26 мамыр аралығында «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының қалалық көп бейінді ауыруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығы» ШЖҚ МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық қауіптеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық қауіптеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" №410-V Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық қауіптеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Аурухана өз қызметінде "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Мемлекеттік мүлік туралы" заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңына, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексі, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін,

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Аурухана Жарғысын және Ұжымдық шартты басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты: Мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылаушы-қадағалаушы функцияларды жүзеге асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтен туындайтын басқа да мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдаудан келесі бағыттар өткізілді:

Мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылаушы-қадағалаушы функцияларды жүзеге асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтен туындайтын басқа да мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау;

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуын талдау;

Қаржыландыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, бюджет қаражатын және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау;

Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тыйымдарды бұзу;

Тәуекелдерді басқару жүйесін талдау.

Мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылаушы-қадағалаушы функцияларды жүзеге асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтің, персоналды басқару, қаржыландыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, бюджет қаражатын және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануы бойынша ішкі талдаудың мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауын зерделеу және анықтау болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қауіптеріне ішкі талдау жүргізу барысында мыналар анықталды:

Мемлекеттік қызмет көрсету қызметі бойынша:

Науқастарды жоспарлы емдеуге жатқызу порталы арқылы арнайы медициналық көмек және жоғары медициналық көмек арқылы жолдау қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша: Сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі аясында берілетін тегін дәрі - дәрмектер берілуінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша: Сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

Стационарға науқасты орналастыру қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау: Сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын алу қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша: Сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуын талдау. Ауруханада қызметкерлерді жұмысқа қабылдау «Еңбек-KZ» республикалық порталына хабарлама беру арқылы жүргізіледі. Аталған хабарламаға сәйкес жұмыссыздардың есебінде тұрған лауазым иелері жолдама арқылы жұмысқа тұрады. Жұмысқа жаңадан қабылданған медициналық (медициналық емес) қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, нұсқаулық жүргізілген. Тағайындалған комиссия құрамы аттестациялау жүргізіп, жұмысқа қабылданған. «Ресурсты басқару жүйесі» немесе «СУР» порталында медициналық кадрлардың еңбек өтілімі, диплом мәліметтері, санаты, отбасы жағдайы, әскери қызметке жарамдылық (жарамсыздық) туралы мәліметтер, біліктілігін арттыру мәліметтері толық порталға енгізілген.

Ауруханада қызметкер жұмыстан өз өтінішімен (еңбек шарты тұрақты мекенжайын ауыстыруына, отбасылық жағдайына байланысты және т.б. дәлелді себептермен бұзылды) босатылған.

Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкер Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен, Лауазымдық нұсқаулықтармен және оның қызметіне қатысты басқа да нормативтік актілермен, қол қойғыза отырып, танысады. Қызметкердің тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында Еңбек шартын жасасу кезінде міндетті түрде сынақ мерзімі туралы талап белгіленеді. Жағымсыз себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар болған жоқ. Кадрлардың тұрақтамауының себебі еңбек ақысының төмен болуына, облыс пен елден тыс жерлерге көшуіне, денсаулық жағдайына, оқуды жалғастыруына (резидентура және т.б.) байланысты қызметкерлердің бастамасы бойынша Еңбек шарттарының бұзылуы болып табылады.

Сондай-ақ, қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде көзделген, сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе тартылған кәмелетке толмаған адамдардың қатысуымен қызмет көрсету, тәрбиелеу және дамыту, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға жұмысқа орналасуға жол бермеу (ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) бөлігінде шектеулердің жоқтығы, кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандылығына қарсы, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін құқық бұзушылықтардың болмауы тексерілді.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, өзгелерге теңестірілген адамдар, қолданыстағы заңнамамен лауазымды адамдар үшін, оның ішінде мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану үшін, мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу

немесе табу мақсатында, оларды берген адамдардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтер үшін белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді және тыйымдарды бұзу, егер мұндай іс-әрекеттер "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 12-бабы 1-тармағының бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты осындай іс-әрекетке (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, сондай-ақ осы адамдарға заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өздеріне тиесілі, пайдаланылуы табыс алуға әкелетін мүлікті осы функцияларды орындау уақытына сенімгерлік басқаруға беру, сыбайлас жемқорлыққа жүргізілген ішкі талдау барысында анықталмады.

Кәсіпорында кадрлардың қозғалысы қалыпты жағдайда.

Қаржыландыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, бюджет қаражатын және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануы бойынша талдау.

Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің жалақысы бойынша аймақ бойынша барлығы тарификация бойынша штаттық бірлік саны 1248.

Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімі өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорын Жарғысын, бас дәрігердің бұйрықтарын, жазбаша және ауызша өкімдерін басшылыққа алады.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі мақсаты - тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады. Жоспарлаудың тиімділігін, кәсіпорынның үздіксіз қызметін және мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу қағидаларын сақтай отырып, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі міндеттері:

- кәсіпорынның барлық бөлімшелерін қажетті тауарлармен, жұмыстармен, қызметтермен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі функциялары:

1. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ бекітілген даму жоспарының негізінде жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
2. Тауар, жұмыс және қызметтерді сатып алуды - Мемлекеттік сатып алулар Веб-порталында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңында көзделген тәсілдермен жүзеге асыру.
3. Белгіленген рәсімдерге сәйкес кәсіпорынның қоймасына тауарларды қабылдауды жүзеге асыру.
4. Жеткізушілермен (Орындаушылармен, Мердігерлермен) тауар, жұмыс және қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарттар жасасу, мемлекеттік сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті жүзеге асыру/техникалық ерекшеліктің нақты жеткізілген тауарға сәйкестігі, мерзімдері, тауарларды қабылдау тәртібі, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару уақтылы жасалады. Бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін талдау. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі». Талаптар және қолдану жөніндегі Нұсқаулық сыбайлас жемқорлық материалдық құндылықтарды (қаржылық немесе қаржылық емес) қолданыстағы заңнаманы бұза отырып, тікелей немесе делдалдар арқылы және орналасқан жеріне қарамастан, осы тұлғаның қызмет көрсеткіштерімен мәселелерді шешу үшін ұқсас түрде әрекет ететін немесе керісінше әрекет етпейтін адамды көтермелеу немесе марапаттау түрінде ұсыну, уәде беру, беру-қабылдау немесе сұрау.

Сыбайлас жемқорлық - кең таралған құбылыс. Бұл елеулі моральдық, экономикалық және саяси мәселелерді тудырады, дұрыс басқаруға тосқауыл болады, дамуға кедергі келтіреді және бәсекелестікті бұзады. Сондай-ақ, ол әділеттілікті, адам құқығын бұзады және мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге кедергі келтіреді. Бұл құбылыс бизнесті жүргізу шығындарын арттырады, коммерциялық қатынастарға белгісіздік енгізеді, тауарлар мен қызметтердің құнын арттырады, олардың сапасын төмендетеді, бұл мүлік пен өмірдің жоғалуына әкелуі мүмкін, институттарға деген сенімді бұзады және нарықтағы адал және тиімді қызметке кедергі келтіреді.

Үкімет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының халықаралық коммерциялық мәмілелерін жасау кезінде шетелдік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға қарсы күрес туралы Конвенция, БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы, сондай-ақ өздерінің ұлттық заңдарын қабылдау сияқты халықаралық келісімдер арқылы прогреске қол жеткізді.

Мүдделер қақтығысын реттеу. Аурухана қызметінде сыбайлас жемқорлық қауіптерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру:

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген шектеулер бойынша өткізілетін мемлекеттік сатып алуға осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар, не осы әлеуетті өнім берушінің, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің Бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу, сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталмады.

Аурухананың Мемлекеттік сатып алуы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының нормаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" № 648 бұйрығына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталында және Аурухананың Интернет-ресурсында

орналастырылған бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады, бұл "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында айқындалған қағидаттарды байқауға, сондай-ақ веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және дұрыс ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік береді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық қауіптерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық қауіптері жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар:

Ауруханаға, сондай-ақ лауазымды тұлғаларға, Аурухана қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды, жарияланымдарды анықтау тұрғысынан бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша ұсынымдар: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және еңбек заңнамасын сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, белгіленген мерзімде мониторингті жүзеге асыру және іс-шараларды бақылау.

Жұмыс тобының жетекшісі:



А. К. Бекебаева

Жұмыс тобының мүшелері:



Ж. Ю. Мурат



С. А. Турсалиева



Л. Т. Бокушева




А. К. Кемелбекова




Б. А. Исаев



Р. Т. Умарова



Р. Е. Жумамадинова



А. К. Киргизбаева